2004 жылғы 22 қазанда Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің кездесуін дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 315-ө Өкімі

2004 жылғы 22 қазанда Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (бұдан әрі - АӨСШК) Сыртқы істер министрлерінің кездесуін тиімді дайындау мен өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 22 қазанда Алматы қаласында АӨСШК-тің министрлер кездесуін дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және өзге де мүдделі мемлекеттік органдары (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми делегациялар мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 " Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 15176102 (он бес миллион бір жүз жетпіс алты мың бір жүз екі) теңге сомасында қаражат бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне АӨСШК-тің министрлер кездесуін ақпараттық қамтамасыз етуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 " Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 5678000(бес миллион алты жүз жетпіс сегіз мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

5. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 21 қазандағы
N 315 өкімімен бекітілген

2004 жылғы 22 қазанда Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің

министрлік кездесуін дайындау мен өткізу жөніндегі
іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	2	3	4
1.	АӨСШК министрлік кездесуін өткізу бағдарламасының жобасын дайындау	18 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
2.	Қазақстандық ресми делега. циясының құрамы жөнінде ұсыныстар енгізу	11 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
3.	АӨСШК министрлік кездесуін дайындау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру	1 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
4.	Кездесуге келетін делега. циялар құрамын келісу: ресми делегация (1+4), бірге жүретін адамдар (10 адамға дейін), күзет қызметкерлері (5 адамға дейін) және жеке операторлар мен фотографтар (4 адамға дейін)	20 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
5.	Қазақстандық БАҚ өкілдері. мен жұмысты ұйымдастыру	10-23 қазан	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
6.	Шетелдік БАҚ өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру	10-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
7.	Министрлік кездесуге қатысушылардың келуі мен кетуінің кестесін жасау	18 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
8.	Алматы қаласының әуежайын. да ресми делегацияларды және бірге жүретін адам.	19-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Алматы қаласының әкімдігі

дарды қарсы алу мен шығарып салуды ұйымдастыру		
9. Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өту рұқсаттарын ресімдеу	18 қазан	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)
10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АӨСШК-ге мүше мемлекеттер. дің ресми делегациялары мүшелері мен бірге жүретін адамдарға жеңілдетілген кедендік және шекаралық рәсімдерді қамтамасыз ету	20-23 қазан	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті
11. Алматы қаласы әуежайының "Южный" ВИП-залында делегацияларға қызмет көрсету	20-23 қазан	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша)
12. Арнайы ұшақтарды тұрақпен, қызмет көрсетумен және жанармаймен қамтамасыз ету	20-23 қазан	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация. циялар министрлігі
13. Алматының әуежайын, көше. лерін АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің туларымен, делегациялардың жол жүру бағыты бойынша іс-шаралар өткізілетін жерде ("Риджент-Анкара" қонақ үйінде) және "Хайят-Ридженси" қонақ үйі маңында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде	20 қазан	Алматы қаласының әкімдігі

	құттықтау транспаранттары. мен безендіру (бағдарлама бойынша)	
14. Ресми делегациялардың автомобильдерін бірге алып жүру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету	20-23 қазан	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша)
15. Құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен штаб құру (күзет, қауіпсіз. дікті қамтамасыз ету, бірге жүру)	10 қазан	Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
16. Делегациялар күзетіне арналған арнайы рұқсат қағаздарды даярлау (автокөлік, бэйджер)	20 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
17. Алматы қаласының "Риджент-Анкара" және "Хайят-Ридженси" қонақ үйлерінде күзетті қамтама. сыз ететін қызметтерге арналған штабтық үй-жайларды жабдықтау	21 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
18. Делегацияларға көліктік қызмет көрсету	21-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша)
19. Ресми делегациялар мүшеле. рі мен бірге жүрген	21-23 қазан	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс

адамдарға медициналық қызмет көрсету		басқармасы (келісім бойынша)
20. Делегацияларды Алматы қаласындағы "Риджент-Анкара" және "Хайят-Ридженси" қонақ үйлеріне орналастыруды ұйымдастыру	21-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
21. АӨСШК министрлік кездесуін өткізуді ұйымдастыруға қатысушы адамдарды ұтқыр байланыспен қамтамасыз ету	20 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
22. "Риджент-Анкара" қонақ үйінде делегациялар үшін хатшылық пен 16 штабтық бөлмелерді қамтамасыз ету (ұйымдастыру техникасымен, телефон байланысымен, кеңсе тауарларымен жабдықтау)	16-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
23. Делегация мүшелерінің "Риджент-Анкара" және "Хайят-Ридженси" қонақ үйлеріне уақытылы келуін /кетуін қамтамасыз ету	21-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
24. Кеңес өтетін залды техни. калық жабдықтау (мемлекет. тік тулар, үстел үсті белгілері мен жалаушалар, гүлдер, микрофондар)	21 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
25. Делегациялар басшыларына арналған сыйлықтар жиынты. ғын, сондай-ақ бағдарлама. ны және тағы басқа да баспа өнімдерін даярлау	20 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
26. Ілеспе аударманы қамтамасыз ету	21-22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
27. "Риджент-Анкара" қонақ үйінің "Ball-room" залында отырғызу	21 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

28. АӨСШК министрлік кездесуінің баспасөз орталығын ұйымдастыру	21 қазан	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
29. "Риджент-Анкара" қонақ үйінде пленарлық отырысты көрсету үшін екі үлкен экранды орнату және қызмет көрсету	21-22 қазан	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
30. БАҚ-та жариялау (шақыру, тіркеу/аккредитация, баспасөз орталығын жабдықтау, залда телерадио компаниялардың операторларын және жеке баспасөзді пулдар бойынша жайғастыру, делегациялар мүшелері мен БАҚ өкілдері үшін телеэкрандарды орнату)	22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
31. Министрлік кездесуінің қорытындылары бойынша баспасөз мәслихатын өткізу	22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
32. Қазақстан Республикасының Президенті мен Сыртқы істер министрінің АӨСШК министрлік кездесуінің отырысында сөйлейтін сөздерінің жобаларын дайындау	11 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
33. Қазақстан Республикасы Президентінің делегациялар басшыларының құрметіне арналған қабылдауда сөйлейтін сөзінің жобасын дайындау	11 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
34. Қабылдауға ұсынылатын құжаттарды дайындау	21 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

35. Делегациялар басшыларының жалпы суретке түсу рәсімін ұйымдастыру	22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
36. Қазақстан Республикасы Президентінің және Сыртқы істер министрінің екі жақты кездесулерін ұйымдастыру және көрсетілген кездесулерге арналған орынды тиісті дайындау	21 қазан	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің хаттамасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
37. Сұхбат тезистерін, анықтамалық-талдамалық материалдарды және кездесуі белгілі. ленген делегациялар басшыларының өмірбаян деректерін даярлау	19 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
38. Делегациялар басшылары үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі атынан концерттік бағдарламаны өткізе отырып, ресми түскі асты ұйымдастыру	22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
39. Делегациялар мүшелері, бірге жүретін адамдар мен БАҚ өкілдері үшін қабылдау ұйымдастыру	22 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
40. Экскурсияларды ұйымдастыру: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік музейіне, Шымбұлақ және Медеу кешеніне баруға	22-23 қазан	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК